



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2023 жылғы 15 желтоқсандағы № ДС-489

Құрметті депутаттар!

Сіздің орта білім беру ұйымдарында білім беру сапасын арттыруға қатысты депутаттық сауалыңызды қарастырып, мынаны хабарлаймын.

PISA зерттеуінің қорытындылары бойынша іс-шаралар жоспары туралы

PISA нәтижелері бойынша біздің оқушылар жаратылыстанудан көрсеткіштерді 26 балға арттырып, қатысушы елдер арасында ең үлкен өсімді көрсетті және математика мен оқу сауаттылығы бойынша өз нәтижелерін сақтап қалды, бұл Қазақстанға ТОП-50 елдің қатарына кіруге мүмкіндік берді.

2024 жылғы сәуірде Қазақстанның нәтижелері өңірлер, қала-ауыл және оқыту тілі бөлінісінде ұсынылатын толық Ұлттық есеп жарияланады.

Сонымен қатар қазіргі уақытта Министрлік білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру бойынша 2029 жылға дейінгі іс-қимыл жоспарын әзірлеуде, бұл білім беру процесін мазмұнды және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтиды.

Кітапхана жұмысын жаңғырту және оқу мәдениетінің деңгейін арттыру туралы

Орта білім беру ұйымдарында оқушылардың, кітапханашылардың, ата-аналардың арасында оқу сауаттылығын жетілдіруге, сондай-ақ оқу мәдениетінің деңгейін арттыруға, оқуды насихаттауға бағытталған «Оқуға құштар мектеп» жобасы (бұдан әрі – жоба) енгізілуде.

Жоба аясында отбасылық оқудың жарқын дәстүрлерін жаңғырту, оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру, кітапхана қорын көркем әдебиетпен толықтыру, мектеп кітапханаларының материалдық-техникалық базасын нығайту жөнінде кешенді шаралар көзделген.

Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтай отырысында берілген тапсырмасын орындау мақсатында «Балалар кітапханасы» бағдарламасы әзірленді.

Бағдарлама кітапханалардың негізгі қорын жаңарту, барлық мектептердің кітапхана қызметін цифрландыру, барлық әдебиеттерді есепке алуды автоматтандыру, кітапханашылардың біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шараларды қамтиды.

Одан басқа, мәдениет және білім беру мәселелері жөніндегі заң жобасымен (*Парламент Мәжілісі депутаттарының бастамасымен*) мемлекеттік кітапханаларға бұқаралық, іскерлік және бос уақытты, мектептен тыс қосымша білім беру іс-шараларын өткізу құқығы берілуде.

Педагогтердің кәсіби дамуы мен біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру жөніндегі шараларға қатысты

Педагогтердің біліктіліктерін арттырудың білім беру бағдарламаларын жақсарту мақсатында бағдарламалардың құрылымы мен мазмұнын жаңарту жұмыстары жүргізілуде.

Педагогтердің біліктілік санаттарына сәйкес көп деңгейлі бағдарламалар әзірленуде. Осы бағдарламалардың мазмұнында білім алушылардың білім жетістіктері мониторингінің (бұдан әрі – ББЖМ) нәтижелері, ҰБТ-дағы қазақстандық мектептердің көрсеткіштері, PISA, PIRLS халықаралық зерттеулері, педагогикалық білімді бағалау ескеріледі.

Педагогтердің, оқушылардың жеке деректері (*үлгерімі мен білім сапасы бойынша*), білім алушылар мен педагогтердің олимпиадалар мен жобаларға қатысу нәтижелері, біліктілікті арттыру курстары, оқу-әдістемелік құралдарды, оқулықтарды әзірлеуге қатысу, педагогтің білімін бағалау нәтижелері автоматты түрде жиналатын педагогтердің үздіксіз дамуының ұлттық платформасын іске қосу жоспарлануда.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (МЖМБС), ББЖМ және білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін құру туралы

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, әр 5-7 жыл сайын қажеттілікке қарай, үлгілік оқу бағдарламалар мен оқулықтар қайта қаралады.

МЖМБС жобасы әзірленді, онда бес жылда бір рет МЖМБС, үлгілік оқу жоспарларын, оқу бағдарламаларын мониторингілеу және қайта қарау жөніндегі норманы енгізу жоспарлануда.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша педагогикалық жұртшылықпен кеңінен талқылана отырып, кәсіби педагогикалық қоғамдастық сарапшыларының қатысуымен «Баршаға қолжетімді, сапалы білім беру» ұлттық баяндамасы әзірленді. Ұлттық баяндамада сыртқы бағалау жүйесін, ББЖМ жетілдіру негізінде білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін енгізу көзделеді.

Министрлік ББЖМ-ды халықаралық аккредиттеу жұмысын жүргізуде, Сараптама және сертификаттауды зерттеу орталығымен (*Research Center for Examination and certification Rces, Нидерланды*) шарт жасалды.

Аталған жұмыс шеңберінде RCEC сарапшыларының ұсынымдарын ескере отырып, функционалдық құзыреттерді бағалайтын жаңа бағыттағы тест сұрақтары әзірленді (*2024 жылы тәуелсіз тест-әкімшілерді тарта отырып, ББЖМ жүргізу кезінде қолданылатын болады*).

Сондай-ақ білім алушыларды, педагогтерді, білім беру ұйымдарын және білім беру жүйесін бағалау жөніндегі барлық рәсімдерді жүйелеу үшін ЭЫДҰ стандарттарына сәйкес орта білім беруді бағалаудың Ұлттық шеңбері әзірленді.

Жалпы, Қазақстанның PISA бойынша ұстанымдарын одан әрі жақсарту үшін және ЭЫДҰ ұсынымдары бойынша «білім беру – оқыту» парадигмасын «білім беру - тұлғаны дамыту және қалыптастыру» деп өзгерту бойынша жұмыс басталды.

Қазіргі уақытта өңірлер Мектептер бөлінісінде білім беру сапасын арттыру жөніндегі жол карталарын дайындады. Осы жұмыс шеңберінде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Республикалық физика-математика мектебі» КеАҚ, «Білім-Инновация» ХҚҚ және жекеменшік мектептердің үздік білім беру бағдарламалары пайдаланылады.

Қабылданған шаралар қазақстандық білім беру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

С. Жұманғарин